




ОРТАҒАСЫРЛЫҚ БАТЫС ЖӘНЕ ШЫҒЫС ФИЛОСОФИЯСЫ.



Дәріс жоспары:

1. Ортағасырлық Батыс философиясы.
2. Ортағасырлық Шығыс философиясы.

1. Батысеуропалық ортағасырлық философияның негізгі идеялары мен сипаты:

- *Монотеизм;*
- *Теоцентризм;*
- *Креационизм – Құдай дүниені жоқтан бар етті және мәңгі жаратуда;*
- *Провиденциализм – Құдай адам мен адамзатты құтқаруын, жарылқауын алдын ала біледі;*
- *Ғарышты, табиғатты, қоршаған дүние құбылыстарын зерттеуге көп көңіл бөлінбеді, өйткені олар Құдайдың жаратқаны;*
- *Жаратылу догматы мен аян догматы (Інжілде) үстем болды және тб.*

Философиялық мектептер:

Апологетика – (грек. Апологемай – қорғаймын, ақтаймын) - II-IIIғғ. пұттық политеизммен күресте христиандық догматика негіздерін қорғаған, уағыздаған ілім.

Патристика –(лат. Patres -әке) – II-VIIIғғ. алғашқы христиан философиясының негізін салушы шіркеу әкелерінің мектебі, ілімі. Философия Платон мен неоплатонизм идеяларының негізінде дамыды.

Схоластика (лат. – схолиа – мектеп философиясы) – ортағасырлық теологиялық ілім, философияның теологияға қызмет ететін тұсы. Аристотель идеяларының ықпалымен дамыды, христиан дінімен келіспейтін көп идеялар пайда болды.

Схоластиканың үш кезеңі болды:

- ***ЕРТЕ СХОЛАСТИКА (ІХ-ХІІІ Ғ.Ғ.);***
- ***КЕМЕЛДЕНГЕН СХОЛАСТИКА (ХУІІІ Ғ.);***
- ***СОҢҒЫ СХОЛАСТИКА (ХІУ-ХУ Ғ.Ғ.)***

Схоластикалық философияның негізгі мәселесі:

- **құдайдың бар екенін рационалды (ақылмен) дәлелдеу;**
- **білім мен сенім, парасат пен ерік қатынасы;**
- **креацианизм, провиденциализм**
- **жалпылықтың жекелікке қатынасы немесе “универсалийлер”, яғни жалпылық ұғым мәселесі.**

СХОЛАСТИКА (IX – XV вв.)

Универсалийлер
ізденісі

РЕАЛИСТЕР

Реализм (лат. realis – шынайы) – нағыз болмысқа заттар емес, олардың жалпы ұғымы ие дейтін ағым.


НОМИНАЛИСТЕР

Номинализм (лат. nomen – атау, есім) – Шындықта тек жеке, нақты заттар ғана өмір сүреді, ал жалпы ұғымдар олардың атауы.

КОНЦЕПТУАЛИЗМ

Реализм мен номинализм ілімдерінің маңыздылығын мойындайтын ілім.

АПОЛОГЕТИКА (I – VI ғғ.)



**Квинт Септимий Тертуллиан
(шамамен 160 – 230 жж.)**

**Философия мен діни сенімнің
бірікпейтіндігі жөніндегі тезисті
қолдады.**

**Сенім мен ақыл арасында ешбір
жақындық жоқ.**

**« Сенемін, өйткені абсурдты» (сенім
ақиқаттылығы ақыл ақиқаттылығынан
ерекше).**

**Інжіл – құдайды танудың жалғыз қайнар көзі,
сол себепті кез келген білімнің де.**

ПАТРИСТИКА (II – VIII ғғ.)

Аврелий Августин «әулие»

(«Рим шіркеуінің әкесі»)

(354 – 430 жж.)



- *“Түсіну үшін сенім керек”;*
- *Құдайды ақылмен танып, оның жіберген аяның оқып, соған сүйену керек;*
- *Адам еркін болуы мүмкін, бірақ оның іс-қимылы Құдайдың бұйрығымен болады;*

Еңбектері «Тәубе», «Құдай патшалығы туралы», «Тәртіп туралы», «Академиктерге қарсы» тб.

Августин философиясының маңызы:

- Құдай бар, онда ешқандай күмән жоқ;
- Әлеуметтік **конформизм** идеясын
(кедейшілік пен өзгенің билігіне көну)
қолдады, бұл Шіркеуге де, мемлекетке де
тиімді;
- Шіркеу билігінің мемлекеттен, Рим
Папасының монархтардан үстемдігін
дәріптеп, католиктік Шіркеудің беделін
көтерді.
- Адамның сұлулуғын, жігерін, кемелденуін,
құдайлығын атап көрсетті (бұл ол кезде
жаңалық еді).

Иоанн Скот Эриуген
(«схоластиканың бірінші
әкесі»)
(шамамен 810 – 877 жж.)



- Философиялық жүйесі неоплатонизм идеясымен дамыды.
- Шынайы дін шынайы философия болып табылады және керісінше; дінге қатысты туындайтын күмәндану философияны да теріске шығарады;
- Теологияны рационализациялаудың алғашқы қорғаушылардың бірі болды.

Фома Аквинский (1225 немесе 1226 – 1274 жж.)

- “Өзіндік мәнділікке ие адами парасатты жан тәнмен бірге өлмейді.”

- Философия мен теология әр-түрлі мақсатты ілімдер;

- Философия тек ақылмен танылатынды ғана түсіндіре алады;

- Өзгенің бәрін (құдай аян) тек теология ұғындыра алады.

Негізгі еңбектері: «Теология суммасы», «Философия суммасы», Інжілге, Аристотель шығармаларына түсіндірмелер жазды.



2. Ортағасырлық Шығыс философиясы.

Араб мемлекетінің қалыптасуында исламның маңызды рөлі.

Үлкен полиэтникалық және теократиялық Халифаттың құрылуы.

Мұсылмандық философия теология мен ғылым арасында дамыды.

Араб философиясының кезеңдері:

- *VII-IX ғ.ғ. – араб философиясының қалыптасу кезеңі;*
- *IX-X ғ.ғ. – мұсылман Ренессансы кезеңі;*
- *XI-XV ғ.ғ. – шығыстық перипатетизм, арабтың грек философиясын толық игеріп, өзіндік даму кезеңі.*

Араб философиясындағы негізгі бағыттар:

- 1) Тазалық ағайындары»**
- 2) Шығыстық перипатетизм**
- 3) Қалам**
- 4) Суфизм**

1- ші бағыт- X ғ. пайда болған құпия ғылыми қоғам Баср қаласында. Ілімінің негізі - синкретизм, яғни барлық діндер мен философиялық жүйелерді біріктіру болды. Діни мүдделерге қарағанда, ғылыми, философиялық ілім басым келді.

2 – ші бағыт – IX-XI ғғ. Мұсылман немесе Ислам Ренессансы кезеңімен тұстас келеді. Өкілдері: Әл-Кинди (арабтардың философы), Әл-Фараби, Ибн-Сина, Ибн-Рушд.

3-ші бағыт: қалам - мұсылмандық теологиялық философия, яғни мұсылмандық схоластика.

4-ші бағыт: суфизм – жекелік мистикалық-діни аскеттік адамды жан-жақты жетілдіру ілімі. Көрнекті өкілдері: Әл-Ғазали, Ибн Әл-Араби және тб.

Суфизмде адам “жанының азат болуы рухани, мистикалық өзіндік жетілу тариқат жолымен жүзеге асады; оның үш кезеңі болады:

- **Шариғат**, мұсылмандық өмір сүру қағидасы, оның нақты көрінісі фикх – мұсылмандық құқық;
- **Тариқат** (“жол”, “бағыт”) – адамның моральдік-психологиялық өзіндік жетілуі.
- **Хақиқат** – ақиқи Құдаи болмыс, суфизм философиясы мен психологиясының ең жоғары мақсаты.

Әбу Жүсіп ибн Ысқақ Әл-Кинди (800-879 ж.ж.) - алғашқы перипатетик, араб философиясын еуропашыландыруға алғашқы қадам жасады. Арабтарды грек философиясымен, әсіресе Аристотельмен таныстырды.



Әбу Нәсір Мұхаммед ибн
Тархан ибн Ұзлағ **Әл-Фараби**
ат Түрки (870-950 ж.ж.). «Екінші
ұстаз», әмбебап,
энциклопедист ғалым.
Перипатетик, Аристотельдің
«Жан туралы» кітабын 200 рет
оқып, жатқа білген. 74 тілді
меңгерген деген мәлімет бар.
100-ден артық трактат жазған.

Негізгі шығармасы «Даналық маржандары».


“Екінші ұстаздың” негізгі философиялық идеялары:

- Дүниенің мәңгілік екенін мойындау;
- Детерминизмді зерттеу принципі деп қарастыру;
- Парасат (ақыл, интеллект) туралы ілім.

Құдай – ең жоғары сатыда, ол барлығының алғашқы бастамасы, көптүрліктің себебі. Әлем мәні бойынша Құдайға ұқсас, формасы бойынша - алуан түрлі.

- **Материя- формалар иерархиясында төменгі сатыда, бірақ белсенділікке ие. Адам – өзінде құдай және белсенді ақылдыны үйлестіреді, құдайды танып біледі.**
- **Қайырымды адам туралы, оның барлық қасиеттері бақытқа жетуге бағытталған**

Әбу Әли Ибн-Сина (Авиценна)
(980-1037 ж.ж.) – энциклопедист
ғалым, дәрігер, философ.



18 томдық
философиялық еңбегі
– «Айығу кітабын»
жазды. Негізгі
медициналық еңбегі
“Дәрігер ғылымының
каноны”

Әбу Әли философиясы:

- Егер себеп болса, онда салдар бар да болу керек;
- Субстанция дегеніміз материя, форма және екеуінің жиынтығы;
- Эманация теориясы – алла дүниені тікелей емес, бірнеше саты арқылы “ақылмен” жаратты;
- Философияны діннен бөліп қарастыруға тырысты;
- Құдай да, дүние де мәңгі.

Әбіл Уалид Мұхаммед ибн Ахмет ибн Мұхаммед ибн-Рушд (Аверроэс) (1126-1198 жж.) – араб перипатетизмінің шыңы.

Атақты кітабы **“Терістеуді терістеу”**.

Қағидалары - *“ақиқаттың екі ұдайлығы”*

туралы ілім – философия мен дін ақиқаты бір-біріне қарсы емес;

- дін адамға қалай іс-әрекет ету керектігін көрсетсе, философия абсолюттік ақиқатты таниды;

- қатаң детерминизм идеясы;

- жаратылу идеясын терістеді;

- Құдай бар, бірақ Ол материалдық дүниемен “бірге”.

**Ортағасырлық арабтілділік
философия әлемдік
философияның
дамуындағы маңызды
кезең болып табылады.**

КЕРІ БАЙЛАНЫС.

1. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ БАТЫС ФИЛОСОФИЯНЫҢ БАСТЫ ЕРЕКШЕЛІГІ.

- 1. космоцентризм*
- 2. антропоцентризм*
- 3. теоцентризм*
- 4. ғылыми центризм*

1. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ БАТЫС ФИЛОСОФИЯНЫҢ БАСТЫ ЕРЕКШЕЛІГІ.

- 1. космоцентризм***
- 2. антропоцентризм***
- 3. теоцентризм***
- 4. ғылыми центризм***

1. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ БАТЫС **ФИЛОСОФИЯНЫҢ БАСТЫ ЕРЕКШЕЛІГІ.**

- 1. космоцентризм***
- 2. антропоцентризм***
- 3. теоцентризм***
- 4. ғылыми центризм***

1. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ БАТЫС ФИЛОСОФИЯНЫҢ БАСТЫ ЕРЕКШЕЛІГІ.

- 1. космоцентризм***
- 2. антропоцентризм***
- 3. теоцентризм***
- 4. ғылыми центризм***

1. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ БАТЫС **ФИЛОСОФИЯНЫҢ БАСТЫ ЕРЕКШЕЛІГІ.**

- 1. космоцентризм***
- 2. антропоцентризм***
- 3. теоцентризм***
- 4. ғылыми центризм***